

**Кері экспорты Қазақстан Республикасы уәкілетті органының тиісінше ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 756 Қаулысы

1994 жылғы 15 сәуірдегі Тауарлардың кері экспорты және кері экспортқа рұқсат берудің тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 1-бабын және 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 2001 жылғы 22 мамырдағы хаттаманың 5-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кері экспорты Қазақстан Республикасы уәкілетті органының тиісінше ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Келісімнің Тараптарын хабардар ету үшін Еуразия экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық комитетінің Хатшылығына кері экспорты Қазақстан Республикасы уәкілетті органының тиісінше ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімін жіберсін.

3. Осы қаулы алғаш, жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 9 тамыздағы  
N 756 қаулысымен

бекітілген

**Кері экспорты Қазақстан Республикасы уәкілетті органының тиісінше ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімі**

СЭҚ ТН коды	Тауардың атауы*
2710 11 110 0 - 2710 11 900 0	Жеңіл дистилляттар және өнімдер
2710 19 110 0 - 2710 19 290 0	Өзге де орташа дистилляттар

2710 19 310 0 - 2710 19 490 0	Ауыр дистилляттар: газойлдар
2710 19 510 0** - 2710 19 690 0	Ауыр дистилляттар: сұйық отындар
4101	Ірі қара малдың (кодастарды қоса алғанда) немесе жылқы тұқымдасына жататын жануарлардың өңделмеген терілері (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған
4102	Қойлардың өңделмеген терілері немесе қозылардың терілері (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), жүн басқан немесе жүн баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1в ескертумен алынып тасталғандардан басқа
4103	Өзге де өңделмеген (буланған немесе тұздалған, кептірілген, күлденген, басқа тәсілмен пикелденген немесе консервіленген, бірақ иленбеген, пергаментпен өңделмеген немесе одан әрі өңдеуге ұшырамаған), түк басқан немесе түк баспаған, қосарланған немесе қосарланбаған, осы топқа 1б немесе 1в ескертумен алынып тасталғандардан басқа терілер
4707	Қалпына келтірілетін қағаз немесе картон (макулатура және қалдықтар)
5101	Кардтық немесе тарақпен тарауға ұшырамаған жүн
5102	Жануарлардың кардтық немесе тарақпен тарауға ұшырамаған биязы немесе қылшықты қылы
5103	Иіру қалдықтарын қоса алғанда, бірақ ыдыратылған шикізатты қоспағанда, жүннің немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылының қалдықтары
5101 00 0000	Жүннен немесе жануарлардың биязы немесе қылшықты қылынан ыдыратылған шикізат
7204	Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары; қара металдардың қайта балқытуға арналған күймалары (шихталық күймалар)
7302	Темір жол немесе трамвай жолдары үшін пайдаланылатын қара металдан жасалған бұйымдар: рельстер, қарсы рельстер және тісті рельстер, ауыспалы рельстер, тұйық қиылыс айқаспалары, ауыспалы штангалар және өзге де көлденең қосылыстар, шпалдар, түйіспе жапсырмалары мен төсемдері, сыналар, тірек такталары, ілгекті рельс бұрандалары, төсемдер мен созғыштар, тұғырлар, көлденең жақтаулар мен рельстерді қосуға немесе бекітуге арналған өзге де бөлшектер
7404 00	Мыс қалдықтары мен сынықтары
7503 00	Никельді қалдықтар мен сынықтар
76 (7601 20 100 0-ден басқа)	Алюмо-береллий лигатурасынан басқа, алюминий және одан жасалған бұйымдар
8607	Темір жол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамның бөлшектері

\* - тауарлар тек ЕурАзЭҚ СЭҚ Тауар номенклатурасының кодтарымен айқындалады, позиция атаулары пайдаланудың ыңғайлы болуы үшін ғана келтірілген

\*\* - ауыр дистилляттық сұйық отыннан басқа

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК